

Өтілген күн: 17.01.2023 ж

Қатысқан: 82 мұғалім

кеңес мүшелері

Ресурстық орталық меңгерушісі – Игенов Е.Д.

География пәнінің имұғалімі – Аринова Д.А.

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

Баяндамашы: Алина М.А.

2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Баяндамашы: Ибикенова Қ.Қ.

Бастауш бірлестігінің жетекшісі Алина М.А. сөз алды. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары әдеп нормаларына жекелей тоқталып өтті.



Өзі үлгі бола отырып , ұжымды тұрақты және жағымды моральдық – психикалық жағдай қалыптастыруды жасайды. Мұғалім өз қызметін орындау кезіндеіскерлік киім үлгісін таңдау. Үйлесімді киіне білу. Қызметін пайдаланып және өзгеде жеке мақсаттарында пайдаланудан аулақ болу. Жеке тұлға ретінде өз атынан ғана көпшілік алдында ғана сөйлейді.



Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Ибикенова Қ.Қ. сөз алды.

Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. Қазіргі кезде мұғалімнің кәсіби имеджі жайлы өте көп айтылуда. Мұғалімнің бейнесі оқушылар еске ең әсерлі сәттерімен сақталып қалады. Мұғалім имеджін сақтау үшін өзімен жұмыс жасау керектігі айтылды.

- 1.Түстерді үйлестіре білу керек
2. Өте ашық түстерді киюге болмайды
3. Бір түсті классикалық үлгідегі киімді таңдағаныңыз абзал
- 4.Шаш үлгіңізге аса мән беру
5. Ұстаз атауна лайықты киім үлгісі болу керек

Қорыта келгенде мұғалім басты назарда болғандықтан киім үлгісін, жалпы қай ортада болмасын өзін ұстай білу керектігі айтылып талқыланды.

Сөз кезегін мектебіміздің география пәнінің мұғалімі үлгілі шебер ұстазымыз Аринова Д.А. алды. Киім үлгісіне өзінің ұсынысын жасады. Мұғалімдер бірдей үлгіде киім тіктірсек. Екіншіде сол киімде ұлттық нақышты айқындап тұратын ою-өрнекті болса. Балалар дәлізде жүргенде мектепке келгенде мұғалімдермен амандасуын қолға алсаңыздар. Бастауыш сыныптар бұл мәселені қатты қолға алса, жоғары буында ол қалыптасып кететіндігі айтылды. Дене шынықтыру мұғалімдері бірдей спорттық киім киіп жүрсе деген ұсыныстар айтылды.

Келесі сөз кезегін Игенов Е.Д. қорытынды сөз кезегін алып, оқылған баяндамаларға нақты өз ойын пікірін айтып бөлісті. Киім үлгісін қалыптастыру әр қайсымыз өзімізден бастауымыз керектігі айтылды. Айтылған ұсыныстар пікірлерге өзінің қосылатынын айтты.

Хатшы: Ахметова

Г.К.